

«КЕЛІСІЛДІ»
«Talar» КЕАҚ
Президенті

Е. Кузенбаев

2020 жылғы « 01 » 06




«БЕКІТЕМІН»

ҚР БЖҒМ Техникалық
және кәсіптік білім

департаментінің директоры
Н. Оспанова

2020 жылғы « 01 » 06



«ҚР колледждерінің ТОП 100 студенті» жобасының ЕРЕЖЕСІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже «ҚР колледждерінің ТОП 100 студенті» жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асырудың тәртібін, мақсатын, күтілетін нәтижесін, қатысушылар санатын анықтайды.
2. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 100 үздік студенттерін тануға бағытталған (бұдан әрі – ТЖКБ).
3. Жоба пайда немесе басқа да табыс табу мақсатын көздемейді, қауіп элементі жоқ, тек ақпараттық сипатта және осы Жоба Ережесіне сәйкес өткізіледі. Жобаға қатысу үшін төлем алынбайды.
4. **Мақсаты:** білімі, таланты мен дағдысының арқасында табысқа жеткен, ТЖКБ ұйымдарының үздік студенттері мен жұмысшы біліктілікті насихаттау, талантты жастарды қолдау.
5. **Міндеттері:**
 - 5.1. ТЖКБ ұйымдарының үздік студенттерін анықтау, марапаттау және жетілдіру;
 - 5.2. ТЖКБ ұйымдарының білім алушыларын кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға ынталандыру;
 - 5.3. жеке және кәсіби өсудің тиісті бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарды тарта отырып, мастер-класстар, тренингтер және курстар ұйымдастыру арқылы үздік студенттерді одан әрі дамыту үшін мүмкіндік жасау.
6. **Күтілетін нәтижелер:**
 - 6.1. Әлеуетті жұмысқа орналастыру мақсатында кадр резерві ретінде жұмыс берушілерге ұсыныстар беру үшін колледждердің үздік студенттерінің мәліметтер базасын құру;
 - 6.2. Нұр-Сұлтан қаласында TVET AWARDS салтанатында ТОП 100 үздік студенттерін арнайы марапаттауды ұйымдастыру және өткізу;
 - 6.3. Студенттердің одан әрі дамыту үшін мастер-кластар, тренингтер және жеке, кәсіби өсу курстарынан өтуі;
 - 6.4. Әлеуметтік желілер мен танымал интернет-ресурстарда, БАҚ үздік студенттердің жетістіктері туралы материалдарды жариялау.

7. **Жобаның құрылтайшылары:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

8. **Жобаның ұйымдастырушылары:** «Talar» КЕАҚ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары.

ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

9. Жобаға Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ТЖКБ ұйымдарында білім алатын студенттер қатысады:

- қоғамдық бірлестіктердің, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының және еріктілер қозғалысының мүшелері;

- аймақтық, ұлттық және халықаралық Worldskills чемпионаттарының және басқа да кәсіби шеберлік конкурстарының қатысушылары мен жеңімпаздары;

- спорттық жарыстардың, әр түрлі байқаулардың, олимпиадалар мен ғылыми конференциялардың қатысушылары мен жеңімпаздары;

- мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру шеңберінде жұмыс істейтін бағдарламалар мен қызмет бағыттарына қатысушылар;

- шығармашылық ұжымдардың өкілдері;

- стартап-жобалар, инновациялық идеялар, жобалар авторлары.

10. Өткен кезеңдер жобасының жеңімпаздары жобаға қайтадан қатысуға құқығы жоқ.

ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

Жоба үш кезеңде жүзеге асырылады:

11. ІШКІ КЕЗЕҢ:

11.1. Ішкі кезең ТЖКБ ұйымдарында ағымдағы жылдың қыркүйек айының 5 мен 15 аралығында өткізіледі.

11.2. Жоба туралы ақпарат күнтізбелік жылдың тамыз айынан бастап ТЖКБ ұйымдарының стендтерінде, сайттарында, ақпараттық әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарында орналастырылады.

11.3. Жобаның ішкі кезеңін өткізу үшін құрамына жастар ұйымдарының, ҮЕҰ мен жұмыс берушілердің өкілдерін енгізе отырып, өңірлік кезеңге үміткерлерді іріктеу жөніндегі Комиссия құрылады. Барлық студенттердің, колледждердің педагогикалық қызметкерлерінің қатысуымен, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы іріктеу процесін ұйымдастыру да есептеледі.

11.4. Ішкі кезеңге қатысу үшін студент:

1. комиссия үшін питч-презентация өткізеді;
2. видео көрсетеді (3 минуттан артық емес), ол өзін болашақ маман ретінде таныстырады (бұл видео жобаның республикалық кезеңінде қатысушының материалдар тізімінде ұсынылатын болады).

11.5. Қазақстан Республикасының колледждері меншік түріне қарамастан, колледждің үздік студенттері атағына лайықты үміткерлерді ұсынады.

11.6. Үздік студенттер құрамы туралы Комиссияның шешімі жазбаша түрде колледж басшысымен келісіледі және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармаларының қарауына жіберіледі.

11.7. Ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне дейін Жобаның аймақтық кезеңіне әр ұйымнан бес студенттен артық емес үміткерден жіберіледі.

11.8. ТЖКБ сайтында Жобаның ішкі кезеңінің жеңімпаздары туралы ақпарат жарияланады.

12. АЙМАҚТЫҚ КЕЗЕҢ:

12.1. Ішкі кезеңді ағымдағы жылдың қыркүйек айының 16 мен 30 аралығында Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары өткізеді.

12.2. Күнтізбелік жылдың тамыз айынан бастап Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармаларының сайттарында, әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарда Жоба туралы ақпарат жарияланады.

12.3. Жобаның аймақтық кезеңін өткізу үшін құрамына жастар ұйымдарының, ҮЕҰ мен жұмыс берушілердің өкілдерін енгізе отырып, республикалық кезеңге кандидаттарды іріктеу жөніндегі Комиссия құрылады. Аймақ жастарының, педагогикалық қызметкерлердің қатысуымен, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы іріктеу процесін ұйымдастыру құпталады.

12.4. Аймақтық кезеңге қатысу үшін студент:

1. комиссия үшін питч-презентация өткізеді;

2. өзінің белсенді қызметін бейнелейтін видео (3 минуттан артық емес) көрсетеді (бұл видео жобаның республикалық кезеңінде қатысушының материалдар тізімінде ұсынылатын болады).

3. қатысушы өзі туралы баяндайтын эссе ұсынады, сондай-ақ студент жастарды не колледжді, аймақты немесе елді дамыту үшін өз жобасын ұсынады. Бұл эссе 1000 сөзден аспауы тиіс. Жұмыс жобаның республикалық кезеңінде қатысушының материалдар тізбесінде ұсынылатын болады.

12.5. 2020 жылғы 1 қазанға дейін info@tvvet.kz электронды поштасына Жобаның республикалық кезеңіне Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармаларынан отыз студенттен артық емес үміткер жіберіледі.

12.6. Жобаның аймақтық кезеңінің жеңімпаздары туралы ақпарат білім басқармаларының сайттарында жарияланады.

12.7. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары жобаның барысын кеңінен жария етуді және Жобаның аймақтық кезеңінің жеңімпаздары туралы ақпаратты орналастыруды, жоба жеңімпаздары туралы фотосуреттер мен ақпаратты қалаларда, аудандарда, колледждерде және т. б. баннерлерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

13. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ:

13.1. Ағымдағы жылдың қазан айында жобаға онлайн тіркелу және қатысуға өтінім беру үшін платформа орналастырылатын TOP 100 OUTSTANDING KZ TVET STUDENTS интернет-ресурсында онлайн режимде республикалық кезең өткізіледі. Ағымдағы жылдың 1-10 қазан аралығында онлайн режимде аймақтық кезеңнің жеңімпаздарынан өтінімдер қабылданады.

13.2. Жобаға қатысу үшін үміткерлер өтінімге келесі файлдарды тіркейді:

1) қатысушы өзі туралы баяндайтын эссе ұсынады, сондай-ақ студент жастарды не колледжді, аймақты немесе елді дамыту үшін өз жобасын ұсынады (1000 сөзден аспауы тиіс);

2) қатысушы өзін болашақ маман ретінде таныстыратын видео (3 минуттан артық емес);

3) қатысушы өзінің белсенді қоғамдық қызметін бейнелейтін видео (3 минуттан артық емес).

13.3. Ағымдағы жылдың қазан айының 11 мен 20 аралығында Жобаның интернет-ресурсында онлайн-дауыс беру өтеді.

13.4. Жобаның жеңімпаздары туралы ақпарат арнайы интернет-ресурсында жарияланады.

13.5. Жобаның соңында Нұр-Сұлтан қаласында TVET AWARDS марапаттау өтеді. Жобаның жеңімпаздары дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапаттуы мүмкін.

13.6. "Talar" КЕАҚ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың білім басқармалары жоба барысын кеңінен жариялауды қамтамасыз етеді, жобаның қатысушылары мен жеңімпаздары туралы ақпарат БАҚ, әлеуметтік желілер мен танымал интернет-ресурстарда жарияланады